

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 1 беті Стр. 1 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	----------------------------------

**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(2025 жылғы 16 мамырдағы № 5
хаттама)**



**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлерінің
лауазымдарына конкурстық орналасу
ЕРЕЖЕСІ**

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. Осы Ереже «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ішкі құжаты болып табылады (бұдан әрі – Қоғам) және Қоғамның штаттық кестесінде көзделген Қоғамның профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурстық ауыстыру тәртібін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2. Осы Ереже келесілерге сәйкес әзірленді:
 - 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде;
 - 2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен;
 - 3) «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен;
 - 4) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесімен;
 - 5) «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ-ның кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 225 қаулысымен;
 - 6) 2023 жылғы 19 сәуірдегі Ғылым және жоғары білім беру саласының қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2023-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісіммен;
 - 7) 2018 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ арасындағы

Корпоративтік хатшының қолы
Полный корпоративного секретаря:

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 2 беті Стр. 2 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	----------------------------------

Кадр саясатындағы меритократия қағидаттарын бекіту жөніндегі негіздемелік келісіммен;

- 8) Қоғамның кадр саясатымен;
- 9) Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорының 2024 жылғы 22 шілдедегі № ОД-333 бұйрығымен бекітілген профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілік талаптарымен.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3. Қоғам профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымына орналасуға конкурсты бос лауазым болған кезде өткізеді.
4. Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасу конкурсына профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарының біліктілік талаптарына сәйкес келетін адамдар жіберіледі.
5. Профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдары конкурс бойынша белгілі бір мерзімге: бір жылдан кем емес және үш жылдан аспайтын мерзімге ауыстырылады.
6. Еңбек шартын ҚР еңбек заңнамасына сәйкес негізгі лауазымы бойынша үш жылға дейінгі мерзімге ұзарту профессорлық-оқытушылық құрам үшін мынадай барлық шарттарды орындаған кезде жүзеге асырылады.
 - 1) жеке жоспардың бір жылда толық орындалуы;
 - 2) қазақстандық білім беру бағдарламалары үшін кафедра ұсынымының болуы және қосарланған дипломның білім беру бағдарламалары үшін халықаралық кампус ұсынымының болуы;
 - 3) біліктілік талаптарына сәйкестігі;
 - 4) тәртіптік жазалардың болмауы.
7. Еңбек шартын ҚР еңбек заңнамасына сәйкес негізгі лауазымы бойынша үш жылға дейінгі мерзімге ұзарту ғылыми қызметкерлер үшін мынадай барлық шарттарды орындаған кезде жүзеге асырылады:
 - 1) жоспардың бір жылда толық орындалуы;
 - 2) факультет Кеңесінің ұсынымының болуы;
 - 3) біліктілік талаптарына сәйкестігі;
 - 4) тәртіптік жазалардың болмауы.

4. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

8. Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамының немесе ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымы болған жағдайда, HR-қызметі өтініштерді қабылдауды аяқтау күні мен уақытын көрсете отырып, құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын Қоғамның сайтында және/немесе бос орындарды



- орналастыру үшін онлайн-платформаларда конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.
9. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:
 - 1) орналасқан жері, почталық мекенжайы, телефоны, электрондық поштасының мекенжайы көрсетілген Қоғамның атауы;
 - 2) профессорлық-оқытушылық құрамның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының атауы;
 - 3) құжаттарды қабылдаудың басталған және аяқталған күні мен уақыты;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, біліктілік талаптарына сәйкес айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;
 - 5) конкурсқа қатысуға арналған құжаттар тізбесі.
 10. Қажетті құжаттарды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күн мен уақытқа дейін берген тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып есептеледі.
 11. Берілген өтініштер болмаған жағдайда конкурс өтпеді деп есептеледі және қайтадан жарияланады.

5. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ

12. Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссиялардың (бұдан әрі – конкурстық комиссия) сандық және дербес құрамы және олардың өкілеттік мерзімдері Басқарма Төрағасы – Ректордың (бұдан әрі – Төраға) не оны алмастыратын адамның бұйрығымен айқындалады және бекітіледі.
13. Конкурстық комиссиялар жұмысының негізгі міндеттері:
 - 1) конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;
 - 2) конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
 - 3) конкурсты өткізудің объективтілігін, жариялылығын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру;
 - 4) бос лауазымдарға кандидатураларды тыңдау және талқылау;
 - 5) конкурстың қорытындылары бойынша шешім шығару.
14. Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады:
 - 1) конкурстық комиссияның төрағасы Басқарма мүшелерінің арасынан тағайындалады;
 - 2) конкурстық комиссия төрағасының орынбасары Басқарма мүшелерінің қатарынан тағайындалады;
 - 3) құрамы үш адамнан кем емес конкурстық комиссияның мүшелері Қоғам қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады;
 - 4) конкурстық комиссияның хатшысы – HR-қызметінің маманы.

15. Конкурстық комиссияның хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.
16. Комиссияның жоқ мүшелерін ауыстыруға жол берілмейді.

6. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

17. Кандидат Басқарма Төрағасының - Ректордың атына Қоғамның кеңсесі арқылы өтініш береді. Өтініш конкурс өткізу туралы хабарландыруда (1-қосымша) көрсетілген беру мерзімі аяқталғанға дейін келіп түсуі тиіс.
18. Өтінішке кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері және заңнамалық және өзге де құқықтық актілерде көзделген білім беру саласындағы еңбек қызметімен айналысуға шектеулердің жоқтығын растайтын құжаттар қоса беріледі. Үміткер конкурсқа мынадай жағдайларда жіберілмейді:
 - ұсынылған құжаттардың тиісті лауазым бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;
 - өтініштің түсуінің белгіленген мерзімдерін бұзу;
 - жалған құжаттар беру.
19. Өтініште үміткер біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін куәландыратын өзі туралы негізгі мәліметтерді (сауалнама деректерін) көрсетеді.
20. Университетте жұмыс істейтін Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасуға кандидат өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:
 - соңғы үш жылда оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері;
 - университет белгілеген тәртіппен куәландырылған жарияланған және оларға теңестірілген ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың тізімі;
 - өз қызметі және өзінің кәсіби дамуын басқару туралы электрондық түрде презентация (6 слайдтан аспайтын көлемде);
 - кафедраның (қазақстандық білім беру бағдарламалары бойынша кандидаттар үшін) немесе халықаралық кампустың (қос дипломның білім беру бағдарламалары бойынша кандидаттар үшін) ұсынымы (2-қосымша);
 - Аризона Университетімен қосарланған дипломның білім беру бағдарламалары бойынша профессорлық-оқытушылық құрам үшін - кемінде 6,0 IELTS немесе оның баламасы ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат. Ағылшын тілінде оқығанын растайтын диплом болған кезде сертификат талап етілмейді.



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 5 беті Стр. 5 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	----------------------------------

21. Университетте жұмыс істемейтін Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасуға кандидат өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:
- жеке куәліктің көшірмесі;
 - кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері (білімі туралы құжаттар);
 - соңғы үш жылдағы қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (осы тармақ тәжірибелі оқытушыларға немесе өндірістік салада жұмыс өтілі расталған тұлғаларға қатысты қолданылмайды);
 - алдыңғы жұмыс орнының ішкі ережелеріне сәйкес куәландырылған соңғы бес жылдағы ғылыми еңбектердің тізімі немесе ғылыми мақалалар жарияланымдарының бедерлері (бұл тармақ тәжірибелі оқытушыларға немесе өндірістік салада жұмыс өтілі расталған тұлғаларға қатысты қолданылмайды);
 - № 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
 - соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама;
 - кандидаттың есепте тұрмағанын растайтын наркологиялық ұйымнан анықтама;
 - психоневрологиялық ұйымнан кандидаттың есепте тұрмағанын растайтын анықтама;
 - еңбек кітапшасының көшірмесі немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс немесе практикалық қызмет өтілін растайтын өзге де құжаттар;
 - электрондық түрде өз қызметі және өзінің кәсіби дамуын басқару туралы презентация (кемінде 6 слайд көлемінде).
 - Аризона Университетімен қосарланған дипломның білім беру бағдарламалары бойынша профессорлық-оқытушылық құрам үшін - кемінде 6,0 IELTS немесе оның баламасы ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат. Ағылшын тілінде оқығанын растайтын диплом болған жағдайда сертификат талап етілмейді.
22. Университетте жұмыс істейтін ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасуға кандидат өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:
- университет белгілеген тәртіппен куәландырылған жарияланған және оларға теңестірілген ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың тізімі;
 - электрондық түрде өз қызметі және өзінің кәсіби дамуын басқару туралы презентация (6 слайдтан аспайтын көлемде);
 - Факультет кеңесінің ұсынымы (2-қосымша).

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 6 беті Стр. 6 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	----------------------------------

23. Университетте жұмыс істемейтін Қоғамның ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасуға кандидат өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:
- жеке куәліктің көшірмесі;
 - кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері (білімі туралы құжаттар);
 - алдыңғы жұмыс орнының ішкі ережелеріне сәйкес куәландырылған соңғы бес жылдағы ғылыми еңбектердің тізімі немесе ғылыми мақалалар жарияланымдарының бедерлері (бұл тармақ тәжірибелі оқытушыларға немесе өндірістік салада жұмыс өтілі расталған тұлғаларға қатысты қолданылмайды);
 - № 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;
 - соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама;
 - кандидаттың есепте тұрмағанын растайтын наркологиялық ұйымнан анықтама;
 - психоневрологиялық ұйымнан кандидаттың есепте тұрмағанын растайтын анықтама;
 - еңбек кітапшасының көшірмесі немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс немесе практикалық қызмет өтілін растайтын өзге де құжаттар;
 - электрондық түрде өзінің қызметі және өзінің кәсіби дамуын басқару туралы презентация (кемінде 6 слайд көлемінде).
24. Бос лауазымдарға орналасу конкурсына қатысу үшін ұсынылатын барлық құжаттар қағаз немесе электрондық форматта (PDF) беріледі.
25. Кандидаттың оны өткізудің кез келген кезеңінде конкурстық іріктеуге қатысудан құжаттарды кері қайтарып алу құқығы сақталады.

7. ҚОҒАМДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН КАНДИДАТТЫ КАФЕДРА ОТЫРЫСЫНДА АЛДЫН АЛА ҚАРАУ

26. Бос лауазымға конкурстық іріктеу жүргізілгенге дейін Қоғамда жұмыс істейтін кандидат:
- қазақстандық білім беру бағдарламалары бойынша ПОҚ лауазымына – кафедра отырысында;
 - қос дипломның білім беру бағдарламалары бойынша ПОҚ лауазымына – халықаралық кампус отырысында;
 - ғылыми қызметкер лауазымына – факультет Кеңесінің отырысында.
27. Конкурсқа алғаш рет қатысатын және Қоғамда кафедра, халықаралық кампус немесе Факультет кеңесінің отырысында жұмыс істемейтін адамдар қаралмайды.
28. Құжаттарды тапсыру кезінде университетте жұмыс істейтін Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымына орналасуға кандидат кафедра отырысында (қосарланған дипломның білім беру



бағдарламалары бойынша – халықаралық кампустың отырысында) оқу, әдістемелік, ғылыми, тәрбие жұмысы бөлігінде жеке жоспардың орындалуы туралы, еңбек шартының қолданылу кезеңі ішінде біліктілікті арттыру нәтижелері туралы есеп береді.

29. Құжаттарды тапсыру кезінде университетте жұмыс істейтін Қоғамның ғылыми қызметкерлері лауазымына орналасуға кандидат Факультет кеңесінің отырысында еңбек шартының қолданылу уақыты кезеңінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері бөлігінде жоспардың орындалуы туралы есеп береді.
30. Кафедраның, халықаралық кампустың немесе Факультет кеңесінің отырысында талқылау нәтижелері бойынша бос лауазымға орналасуға үміткерге «ұсыным беру» немесе «ұсынбау» туралы шешім қабылданады және кафедраның, халықаралық кампустың немесе Факультет кеңесінің ұсынымы ресімделеді.
31. Кафедра, халықаралық кампус немесе Факультет кеңесінің шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.
32. Кафедра, халықаралық кампус немесе Факультет кеңесі отырысының хатшысы кафедраның ұсынымын HR-қызметке конкурс басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

8. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

33. HR-қызметі:
 - 1) университеттің сайтында хабарландыру орналастырады;
 - 2) ұсынылған құжаттардың жиынтығын тексеруді, конкурс өткізу кезеңінде конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеуді және сақтауды ұйымдастырады;
 - 3) конкурстық комиссияның отырысын ұйымдастырады;
34. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия ұсынылған материалдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа жіберілмеген адамдарды HR-қызметінің қызметкері жіберілмеу туралы оның өтінішінде және ілеспе құжаттарында көрсетілген байланыс деректері арқылы хабардар етеді.
35. Құжаттарды қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссияның хатшысы әңгімелесуге жіберілген конкурсқа қатысушылардың тізімін және конкурсты өткізу кестесін қалыптастырады.
36. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:
 - 1) Бағалау парағын толтыру арқылы әңгімелесу өткізу (3-қосымша). Конкурсқа қатысушыларды бағалау кезінде конкурстық комиссия тиісті бос лауазымның біліктілік сипаттамаларына сүйенеді. Конкурсқа



- қатысушыға әңгімелесу барысында ол үміттеніп отырған бос лауазым бойынша қызметті бағыттауға байланысты сұрақтар қойылады;
- 2) Конкурстың қорытындыларын шығару.
37. Профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу конкурсы оффлайн не онлайн форматта өткізіледі. Конкурстық комиссияның отырысын өткізу кезінде бейнежазба жүргізіледі.
 38. Конкурстық комиссия профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.
 39. Жасырын дауыс беру кезінде кандидатурамен келісу немесе келіспеуі Бюллетеньде (4-қосымша) әрбір кандидаттың тегінің тұсына «келіседі» немесе «келіспейді» деген сөздермен білдіріледі.
 40. Конкурсты өткізу кезінде конкурстық комиссияның шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.
 41. Егер комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берсе, кандидат оң шешім алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
 42. Дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия Басқарма Төрағасы – Қоғам Ректорына әрбір бос лауазымға үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін оның қолданылуының болжамды мерзімін көрсете отырып, «ұсынылады» немесе «ұсынылмайды» деген тұжырыммен ұсыным енгізеді.
 43. Талқылау барысы және конкурстық комиссия қабылдаған шешім комиссия төрағасы мен конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
 44. Конкурстық комиссияның шешімін HR-қызметі конкурсты өткізудің соңғы күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде университеттің сайтында орналастырады.
 45. Профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындылары бойынша Қоғам мен конкурсты табысты өткен адам арасында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

9. **ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ**

46. Конкурсқа қатысушылар мен конкурсқа жіберілмеген кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы.



10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

47. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.
48. Егер осы Ереженің жекелеген тармақтары қолданылып жүрген Заңдарға қайшы келсе, бұл тармақтар күшін жояды және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданылып жүрген Заңдардың нормаларын басшылыққа алған жөн.

ӘЗІРЛЕНДІ:

АҚД директоры



М. Валиева

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
 Басқарма мүшесі



А. Нурпеисова

СЖҚКҚ жетекшісі



И. Джамалединова

СЖДД директоры



М. Погребицкая

ЭЖҚД директоры-бас бухгалтер



С. Алиева

HR-қызметінің жетекшісі



Ж. Муканова

ЗБ жетекшісі



Л. Кудрицкая

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 10 беті Стр. 10 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

Қосымша 1

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Өтініш

Мені бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Мен әзім туралы мынаны хабарлаймын:

- Туған күні _____;
- Білімі: _____ ж. _____ мамандығы бойынша _____ бітірді; (ЖОО атауы) (атауы)
- Ғылыми дәрежесі - _____ ж. бастап; ғылыми атағы - _____ ж. бастап;
- Жұмыс өтілі: жалпы - _____ жыл, оның ішінде ғылыми-педагогикалық жұмыс _____ жыл

_____;
(ЖОО-ның қысқартылған атауы, ғылыми мекеме)

- Студенттермен курстар (пәндер) бойынша оқу сабақтарын өткіземін (өткізуді жоспарлап отырмын)

_____; (оқу курстарының, оқу пәндерінің атауы)

- Менің _____ жарияланым бар, оның ішінде _____ оқу әдістемелік және _____ ғылыми жұмыс педагогикалық практикада қолданылады;
- Мен соңғы _____ жылда _____ оқу-әдістемелік, оның ішінде _____ оқулық, _____ оқу құралы, және _____ ғылыми жұмыс жариялады);
- _____ ж. _____ біліктілікті арттыру

курсынан өтті _____ (қайда?) (біліктілікті арттыру нысанының атауы)

- _____ тілдерді меңгеремін, _____ тілінде сабақ жүргіземін.

Осы өтінішке түпнұсқалығына кепілдік беретін қажетті құжаттарды қоса беремін.
Менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 11 беті Стр. 11 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

Қосымша 2

Профессорлық-оқытушылық құрам үшін

ҰСЫНЫМ

(кафедраның атауы)

_____ кандидатурасы бойынша
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ТАӘ)
лауазымға конкурс бойынша сайлануына байланысты

(лауазымы көрсетіледі)

(_____ кафедра отырысының жылғы 20__ №__ хаттамасы)
(кафедраның атауы)

ҚАТЫСҚАН: (ғылыми дәрежелері мен атақтарын көрсете отырып, қатысушылардың Т.А.Ә.)

КҮН ТӘРТІБІ: кафедра лауазымына (лауазымның атауы) орналасуға конкурс (кафедра мен факультеттің/институттың атауы)

(лауазымның атауы конкурстық сайлау туралы хабарландыруға дәл сәйкес келуге, егер мөлшерлеме 1,0-ден аспаса, мөлшерлеме үлесін көрсетуге тиіс; егер қоса атқаратын болса көрсетілсін; егер ставка бюджеттен тыс болса, сметаны көрсету)

ТЫҢДАДЫ:

есеп _____

ТАӘ

еңбек шартының/сайлаудың алдыңғы мерзіміндегі оқу-әдістемелік, ғылыми, ұйымдастыру-тәрбие және қоғамдық жұмыс туралы **(мерзімі көрсетілсін).**

Кандидаттың ғылыми-педагогикалық қызметі (қайта сайланған кезде - алдыңғы сайланғаннан кейінгі кезең үшін) мынадай нысанда көрсетілсін:

Үміткердің қысқаша өмірбаяндық анықтамасы

М. Қозыбаев атындағы ҚМУ-де қай жылдан бастап жұмыс істейтінін, кадрлық жоғарылауын, соңғы сайлану мерзімін, М. Қозыбаев атындағы ЖОО-да/ҚМУ-да ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілін көрсету керек.

Оқу жұмысы

Ізденушінің қандай дәріс курстарын оқитынын, қандай сабақтарды (практикалық, зертханалық және т.б.) жүргізетінін көрсету.

Есептік кезеңдегі біліктілік жұмыстарына (бакалаврлар, магистрлер, докторанттар), курстық және дипломдық жобаларға, практикаларға басшылық жасауды қоса алғанда, педагогикалық жүктеме көлемі туралы мәліметтер келтіруге болады (кесте түрінде).

Корпоративтік хатшының қолы
Полное корпоративного секретаря



Көрсетілген кезеңдегі оқу жүктемесі

Оқу жылы	Оқу жылындағы оқу жүктемесі, сағат		Басшылық, адам.	
	Жалпы	Лекциялық	Бакалаврлар (ДР/ДП)	Магистранттар (МД/МП)/ докторанттар (ДР)

Методикалық жұмыс

Әдістемелік жұмысты сипаттау (ОӘК әзірлеу және жетілдіру, оқытудың белсенді әдістерін енгізу, оқу процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану және т.б.). Қол жеткізілген нәтижелерді көрсету (кесте түрінде).

Көрсетілген кезеңдегі әдістемелік жұмыс

№	Жұмыс түрлері	Нәтижелер
1	Пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді/силлабустарды әзірлеу (қайта өңдеу)	
2	Лекциялық материалдарды, тапсырмалар жинақтарын, зертханалық практикумдарды, дипломдық, магистрлік/докторлық жұмыстарды орындау жөніндегі әдістемелік материалдарды қоса алғанда, басқа да оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, жазу, өңдеу, басып шығаруға дайындау	
3	Әдістемелік материалдарды мемлекеттік тілге/ағылшын тіліне аудару	
4	Виртуалды зертханалық жұмыстарды әзірлеу	
5	Педагогикалық біліктілікті арттыру бойынша жұмыс (біліктілікті арттыру, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. өткізу)	
6	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру	
7	Оқытудың интерактивті және белсенді әдістерін енгізу	
8	Тест тапсырмаларын құрастыру	
9	Емтихан тапсырмаларын жасау	
10	Бейне лекцияларды жасау және жазу	
11	Университет үшін ұсынылған оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, нұсқауларды басып шығару	
12	ҚР ДСМ, РУМС ұсынған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару	
13	Пәндер бойынша қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеу	
14	РУМС ҚҚБ қатысу	
15	Шет тілін білу: ағылшын тілін білетін бейінді пәндер бойынша ПОҚ деңгейі: IELTS (АЙЛТС) - кемінде 4,5; TOEFL PBT - кемінде 493; TOEFL ITP - 150 баллдан кем емес; TOEFL CBT - 166 баллдан кем емес; TOEFL IBT - кемінде 58); CEFR - B1; APTIS - кемінде 38.	



Ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми-зерттеу жұмысын сипаттау (ғылыми жұмыстарды, патенттерді, өнертабыстарға авторлық куәліктерді, ғылыми-зерттеу/шығармашылық-орындаушылық жобаларға, бағдарламаларға, гранттарға және т.б. қатысуға өтінімдерді жариялау). Құжаттармен растау арқылы қол жеткізілген нәтижелерді көрсету (кесте түрінде).

Көрсетілген кезеңдегі ғылыми-зерттеу жұмысы

№	Жұмыс түрлері	Нәтижелер
1	Халықаралық ғылыми жобаға басшылық ету	
2	Жоғары оқу орнының ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау	
3	Халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларына қатысу	
4	Жоғары оқу орны ішіндегі қаржыландыру гранты, шаруашылық шарт жұмыстары бойынша ғылыми жобаға қатысу	
5	ҚР ҒжЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау	
6	ҚР ҒжЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға қатысу	
7	Ғылыми жобалар бойынша ғылыми сараптамалар жүргізу	
8	Баяндамалармен немесе халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен қатысу (халықаралық корлар; демеушілік қаражат, халықаралық гранттар және т.б.)	
12	Халықаралық және қазақстандық ғылыми журналдар редколлегияларының жұмысына қатысу	
14	Студенттік ғылыми ұжымды (үйірмені, зертхананы, топты) басқару	
15	Өнертабысқа берілген өтінімдер	
16	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер	
17	ҚР ҒжЖБМ БҒМ-нің ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
18	Таяу шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
19	Қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
20	Қазақстан басылымдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
21	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus,	

Гуз

	WebofKnowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу	
22	ҚР БҒМ БҒЖКЖК ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу (монографиялардан басқа)	
23	Республикалық, халықаралық конференцияларға, МҒЗЖ конкурстарына қатысушы студенттерді даярлау	
24	ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесіне енгізу	
25	Сертификат ала отырып, Қазақстанда және шетелде ғылыми тағылымдамадан өту	
26	Кәсіптік қызмет бойынша шетелдік тілде бұқаралық ашық онлайн курстар платформасы базасында курсты өту (Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары базасында)	

Эдвайзерлік жұмыс

Эдвайзерлік жұмысты сипаттау (республика деңгейінде, облыс деңгейінде, факультет деңгейінде, кафедра деңгейінде тәрбие жұмысы жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, өңірлік, республикалық, халықаралық шығармашылық конкурстарға, спорттық іс-шараларға және т.б. қатысу). Қол жеткізілген нәтижелерді көрсету (кесте түрінде).

Эдвайзерская работа за указанный период

№	Жұмыс түрлері	Нәтижелер
1	Топ эдвайзерінің жұмысы (егер куратордың міндеттерін атқару жүктелген болса)	
2	Республика деңгейінде тәрбие жұмысы жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру (семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.)	
3	Кафедра деңгейінде тәрбие сипатындағы іс-шараларды ұйымдастыру	
4	Кафедра деңгейінде тәрбие сипатындағы іс-шараларды ұйымдастыру	
5	Студенттерді өңірлік, республикалық, халықаралық шығармашылық конкурстарға, спорттық іс-шараларға қатысуға даярлау	
6	Жетекшілік ететін топпен әртүрлі тәрбие іс-шараларына бару (театр, концерттер және т.б.)	

Қоғамдық-ұйымдастыру жұмысы

Қоғамдық-ұйымдастыру жұмысын сипаттау (іс-шараларды, оның ішінде конференцияларды, конкурстарды, көрмелерді, жәрмеңкелерді, симпозиумдарды, дөңгелек үстелдерді және т.б. ұйымдастыру). Қол жеткізілген нәтижелерді көрсету (кесте түрінде).

Корпоративтік хатшының қолы
Полное корпоративного секретаря:



Көрсетілген кезеңдегі қоғамдық-ұйымдастыру жұмысы

№	Жұмыс түрлері	Нәтижелер
1	Тұрақты мүшелер ретінде алқалы органдардың жұмысына қатысу (Академиялық кеңес, ОӘК, Академиялық комитет, ҒТК, МЖ, ресми және бейресми оқыту, апелляциялар)	
2	1 топ үшін сарапшы ретіндегі жұмыс (емтихандарда кезекшілік)	
3	1 білім алушы үшін емтихан алушы ретіндегі жұмыс (емтихандарды қайта тапсыру кезінде)	
4	Диссертациялық кеңестің мүшесі	
5	Диссертациялық кеңеске басшылық	
6	Диссертациялық кеңестің хатшысы	
7	Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша жұмысқа қатысу	
8	Кәсіптік бағдар беру қызметіне қатысу	

Лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді/сәйкес келмейді
 (қажеттісін қалдыру)

Біліктілік талаптарына сәйкессіздіктерді белгілеу және ізденушінің ғылыми-педагогикалық жұмысының нәтижелерін бағалау.

Кандидатураны ұсыну/ұсынбау туралы мәселе (қажеттісін қалдыру)

(толық аты-жөні)

лауазымына

(конкурстық сайлау туралы хабарландыруға сәйкес лауазымның атауы)

кафедрасының

(кафедра және факультет/институт атауы)

_____ жыл/жыл мерзімге (ізденушінің біліктілік талаптарына және кафедраның кадр саясатына сәйкестігіне қарай кемінде 1 жыл) дауыс беруге шығарылды.

Жасырын/ашық дауыс беру нәтижелері (керегін қалдыру):

Дауыс беруге кафедраның _____ оқытушысынан _____ адам қатысты.

Бюллетеньдер берілді: «жақтап» - _____, «қарсы» - _____, «жарамсыз» - _____.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: кандидатураны ұсыну/ұсынбау (қажеттісін қалдыру)

(толық аты-жөні)

лауазымға сайлануға

(конкурстық сайлау туралы хабарландыруға сәйкес лауазымның атауы)



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 16 беті Стр. 16 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

_____кафедрасының
(кафедра және факультет/институт атауы)

_____жыл/жыл мерзіміне.

Кафедра меңгерушісі _____
(кафедра атауы)

_____ Аты-жөні
(қолы)

Ескертулер:

Оқытушының жұмысын талдау, ең алдымен, оның кемінде бір жыл ішіндегі жеке жоспарды орындау қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Ұсынымда оқытушының жұмысы қандай бөлімдер бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Егер бір лауазымға бірнеше кандидат үміткер болса, ұсыным әрбір кандидатура бойынша жеке жасалады.

Ғылыми қызметкерлер үшін

ҰСЫНЫМДАР

Факультет кеңесі

_____кандидатурасына
(Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)
конкурсы бойынша сайлануына байланысты
_____лауазымы
(лауазымы көрсетіледі)

(20__жылғы «__» _____факультет кеңесі отырысының №__хаттамасы)

ҚАТЫСҚАН: (ғылыми дәрежелері мен атақтарын көрсете отырып, қатысушылардың Т.А.Ә.)

КҮН ТӘРТІБІ: Орталықтың лауазымына (лауазымның атауы) орналасуға конкурс (Орталықтың атауы) _____

(лауазымның атауы конкурстық сайлау туралы хабарландыруға дәл сәйкес келуге, егер мөлшерлеме 1,0-ден аспаса, мөлшерлеме үлесін көрсетуге тиіс; егер қоса атқаратын болса көрсетілсін; егер ставка бюджеттен тыс болса, сметаны көрсету)

ТЫҢДАДЫ:

_____есеп беру
_____аты-жөні

еңбек шартының/сайлаудың алдыңғы мерзіміндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің бір бөлігі (**мерзімі көрсетілсін**).

Кандидаттың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелері (қайта сайлану кезінде - алдыңғы сайлаудан кейінгі кезең үшін) мынадай нысанда көрсетілсін:

Үміткердің қысқаша өмірбаяндық анықтамасы



М. Қозыбаев атындағы ҚМУ-де қай жылдан бері жұмыс істейтінін, кадрлық жоғарылауын, соңғы сайлану мерзімін, мамандығы бойынша өтілін көрсету керек.

Ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми-зерттеу жұмысын сипаттау (ғылыми жұмыстарды, патенттерді, өнертабыстарға авторлық куәліктерді, ғылыми-зерттеу/шығармашылық-орындаушылық жобаларға, бағдарламаларға, гранттарға және т.б. қатысуға өтінімдерді жариялау). Құжаттармен растау арқылы қол жеткізілген нәтижелерді көрсету (кесте түрінде).

Көрсетілген кезеңдегі ғылыми-зерттеу жұмысы

№	Жұмыс түрлері	Нәтижелер
1	Халықаралық ғылыми жобаға басшылық ету	
2	Жоғары оқу орнының ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау	
3	Халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларына қатысу	
4	Жоғары оқу орны ішіндегі қаржыландыру гранты, шаруашылық шарт жұмыстары бойынша ғылыми жобаға қатысу	
5	ҚР ҒЖЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау	
6	ҚР ДСМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға қатысу	
7	Ғылыми жобалар бойынша ғылыми сараптамалар жүргізу	
8	Баяндамалармен немесе халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен қатысу (халықаралық корлар; демеушілік қаражат, халықаралық гранттар және т.б.)	
9	Халықаралық және қазақстандық ғылыми журналдар редколлегияларының жұмысына қатысу	
10	Өнертабысқа берілген өтінімдер	
11	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер	
12	ҚР ДСМ БҒМ-нің ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
13	Таяу шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
14	Қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	
15	Алыс шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)	



16	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу	
17	ҚР БҒМ БҒЖКЖК ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу (монографиялардан басқа)	
18	Сертификат ала отырып, Қазақстанда және шетелде ғылыми тағылымдамадан өту	
19	Кәсіптік қызмет бойынша шетелдік тілде бұқаралық ашық онлайн курстар платформасы базасында курсты өту (Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары базасында)	

Лауазымға _____ қойылатын _____ біліктілік талаптарына _____ сәйкес келеді/сәйкес келмейді (қажеттісін қалдыру)

Біліктілік талаптарына сәйкессіздіктерді атап өту және ізденушінің ғылыми және ғылыми-техникалық жұмысының нәтижелерін бағалау.

Кандидатураны _____ ұсыну/ұсынбау туралы мәселе (қажеттісін қалдыру) _____

(толық аты-жөні)

_____ лауазымына

(конкурстық сайлау туралы хабарландыруға сәйкес лауазымның атауы)

_____ орталығы

(орталық атауы)

_____ жыл/жыл мерзімге дауыс беруге шығарылды.

Жасырын/ашық дауыс беру нәтижелері (керегін қалдыру):

Дауыс беруге _____ адам қатысты _____ Факультет кеңесінің қызметкерлері

Бюллетеньдер берілді: «жақтап» - _____, «қарсы» - _____, «жарамсыз» - _____.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: кандидатураны ұсыну/ұсынбау (қажеттісін қалдыру)

(толық аты-жөні)

лауазымға сайлануға _____

(конкурстық сайлау туралы хабарландыруға сәйкес лауазымның атауы)

_____ орталығына

(наименование Центра)

_____ жыл/жыл мерзімге.

Факультет деканы _____

(қолы)

Аты-жөні

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 19 беті Стр. 19 из 24
---	---	--------------------------------------	--	--

Ескертпелер:

Ғылыми қызметкердің жұмысын талдау ең алдымен оның жеке жоспарды орындауының қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Ұсынымда оқытушының жұмысы қандай бөлімдер бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Егер бір лауазымға бірнеше кандидат үміткер болса, ұсыным әрбір кандидатура бойынша жеке жасалады.



Қосымша 3

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ
профессорлық-оқытушылық құрам үшін

Конкурстық комиссия

(№ ____ от " ____ " ____ 202__ жылғы № ____ бұйрығымен бекітілген)
" ____ " ____ 20__ жылғы отырысы.
№ ____ хаттамасы.

Кандидаттың аты-жөні	Деректерді бағалау			Әңгімелесу, балмен	Жиынтығы, балмен	Қорытынды шешім	
	Оқу-әдістемелік қызмет, балмен	Ғылыми қызмет, балмен	Алқалы органдардың жұмысына тұрақты мүшелер ретінде қатысу, балмен			Бос лауазымға орналасуға ұсынылады	Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды

Конкурстық комиссия мүшесінің Т.А.Ә, (болған жағдайда)

Қолы _____ күні _____

Ескертпе: «Деректерді бағалау» бөлімі бойынша бағалау критерийлері

Оқу-әдістемелік қызмет

№	Жұмыс түрлері
1	Пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді/силлабустарды әзірлеу (қайта өңдеу)
2	Лекциялық материалдарды, тапсырмалар жинақтарын, зертханалық практикумдарды, дипломдық, магистрлік/докторлық жұмыстарды орындау жөніндегі әдістемелік материалдарды қоса алғанда, басқа да оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, жазу, өңдеу, басып шығаруға дайындау
3	Әдістемелік материалдарды мемлекеттік тілге/ағылшын тіліне аудару
4	Виртуалды зертханалық жұмыстарды әзірлеу
5	Педагогикалық біліктілікті арттыру бойынша жұмыс (біліктілікті арттыру, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. өткізу)
6	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру
7	Оқытудың интерактивті және белсенді әдістерін енгізу
8	Тест тапсырмаларын құрастыру
9	Емтихан тапсырмаларын жасау
10	Бейне лекцияларды жасау және жазу
11	Университет үшін ұсынылған оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, нұсқауларды басып шығару
12	ҚР ҒЖБМ, РУМС ұсынған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару
13	Пәндер бойынша қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеу
14	РУМС ҚҚБ қатысу
15	Шет тілін меңгеру, өйткені ақпараттық карталар мен атамекенде тиісті көрсеткіш бар: ағылшын тілін меңгерген бейінді пәндер бойынша ПОҚ деңгейі: IELTS (АЙЛТС) - кемінде 4,5; TOEFL PBT - кемінде 493; TOEFL ITP - 150 баллдан кем емес; TOEFL CBT - 166 баллдан кем емес; TOEFL IBT - кемінде 58); CEFR - B1; APTIS - кемінде 38.
Әрбір сұрақ 1 балға бағаланады	

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 21 беті Стр. 21 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

Ғылыми қызмет

№	Жұмыс түрлері
1	Халықаралық ғылыми жобаға басшылық ету
2	Жоғары оқу орнының ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау
3	Халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларына қатысу
4	Жоғары оқу орны ішіндегі қаржыландыру гранты, шаруашылық шарт жұмыстары бойынша ғылыми жобаға қатысу
5	ҚР ҒЖЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау
6	ҚР ҒЖЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға қатысу
7	Ғылыми жобалар бойынша ғылыми сараптамалар жүргізу
8	Баяндамалармен немесе халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен қатысу (халықаралық қорлар; демеушілік қаражат, халықаралық гранттар және т.б.)
12	Халықаралық және қазақстандық ғылыми журналдар редколлегияларының жұмысына қатысу
14	Студенттік ғылыми ұжымды (үйірмені, зертхананы, топты) басқару
15	Өнертабысқа берілген өтінімдер
16	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер
17	ҚР ҒЖЖБМ БҒМ-нің ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
18	Таяу шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
19	Қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
20	Алыс шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
21	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу
22	ҚР БҒМ БҒКЖК ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу (монографиялардан басқа)
23	Республикалық, халықаралық конференцияларға, МҒЗЖ конкурстарына қатысушы студенттерді даярлау
24	ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесіне енгізу
25	Сертификат ала отырып, Қазақстанда және шетелде ғылыми тағылымдамадан өту
26	Кәсіптік қызмет бойынша шетелдік тілде бұқаралық ашық онлайн курстар платформасы базасында курсты өту (Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары базасында)
Әрбір сұрақ 1 балға бағаланады	

Алқалы органдардың жұмысына тұрақты мүшелер ретінде қатысу

№	Жұмыс түрлері
1	Тұрақты мүшелер ретінде алқалы органдардың жұмысына қатысу (Академиялық кеңес, ОӘК, Академиялық комитет, ҒТК, МЖ, ресми және бейресми оқыту, апелляциялар)
2	1 топ үшін сарапшы ретіндегі жұмыс (емтихандарда кезекшілік)
3	1 білім алушы үшін емтихан алушы ретіндегі жұмыс (емтихандарды қайта тапсыру кезінде)
4	Диссертациялық кеңестің мүшесі
5	Диссертациялық кеңеске басшылық
6	Диссертациялық кеңестің хатшысы
7	Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша жұмысқа қатысу
8	Кәсіптік бағдар беру қызметіне қатысу
Әрбір сұрақ 1 балға бағаланады	

Ескертпе: «Әңгімелесуді бағалау» бөлімі бойынша бағалау критерийлері:
Әңгімелесу 5 баллмен бағаланады

Корпоративтік хатшының қолы
Полный корпоративного секретаря:



БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

ғылыми қызметкерлер үшін

Конкурстық комиссия
(№ ____ от " ____ " ____ 202__ жылғы № ____ бұйрығымен бекітілген)
" ____ " ____ 20__ жылғы отырысы
№ ____ хаттамасы

Кандидаттың аты-жөні	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет туралы деректерді бағалау, баллмен	Әңгімелеу, баллмен	Жиынтығы, баллмен	Қорытынды шешім	
				Бос лауазымға орналасуға ұсынылады	Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды

Конкурстық комиссия мүшесінің Т.А.Ә, (болған жағдайда)

Қолы _____ күні _____

Ескертпе: «Деректерді бағалау» бөлімі бойынша бағалау критерийлері

Ғылыми қызмет

№	Жұмыс түрлері
1	Халықаралық ғылыми жобаға басшылық ету
2	Жоғары оқу орнының ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау
3	Халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларына қатысу
4	Жоғары оқу орны ішіндегі қаржыландыру гранты, шаруашылық шарт жұмыстары бойынша ғылыми жобаға қатысу
5	ҚР ҒЖЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау
6	ҚР ҒЖЖБМ, өзге де министрліктер мен ведомстволардың гранты бойынша ғылыми жобаға қатысу
7	Ғылыми жобалар бойынша ғылыми сараптамалар жүргізу
8	Баяндамалармен немесе халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен қатысу (халықаралық қорлар; демеушілік қаражат, халықаралық гранттар және т.б.)
9	Халықаралық және қазақстандық ғылыми журналдар редколлегияларының жұмысына қатысу
10	Өнертабысқа берілген өтінімдер
11	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер
12	ҚР ДСМ БҒМ-нің ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
13	Таяу шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
14	Қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
15	Алыс шетелдегі халықаралық конференциялар басылымдарында, материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер (монографиялардан басқа)
16	Нөлдік емес импакт-фактор (Scopus, Web of Knowledge) рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СҚУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 23 беті Стр. 23 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

17	ҚР БҒМ БҒЖКЖК ұсынылатын тізбесі бойынша қазақстандық басылымдардағы жарияланымдарға рецензия жүргізу (монографиялардан басқа)
18	Сертификат ала отырып, Қазақстанда және шетелде ғылыми тағылымдамадан өту
19	Кәсіптік қызмет бойынша шетелдік тілде бұқаралық ашық онлайн курстар платформасы базасында курсты өту (Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары базасында)
	Әрбір сұрақ 1 балға бағаланады

Ескертпе: «Әңгімелесуді бағалау» бөлімі бойынша бағалау критерийлері:
 Әңгімелесу 5 баллмен бағаланады



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СКУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 14 СД СКУ 14	Басылым: екінші Издание: второе	24 беттің 24 беті Стр. 24 из 24
---	---	------------------------	------------------------------------	------------------------------------

Қосымша 4

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ лауазымына (үлгі) конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетень

Конкурстық комиссия Басқарма Төрағасы – Ректордың «___» _____ 20___ жылғы №
_____ бұйрығымен бекітілді
«___» _____ 20___ жылғы отырыс
№ ___ хаттамасы
Факультет _____
Кафедра _____
Лауазымы _____
Жарияланған бірліктер саны _____

№	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Дауыс беру нәтижелері		ТД жасасудың ұсынылатын мерзімі
1		келісемін	келіспеймін	
2		келісемін	келіспеймін	

Ескерту:

1. Тегі әліпбилік тәртіппен енгізіледі.
2. Кандидатураны «жақтап» дауыс беру нәтижелері «Келісемін» деген сөзді сызып тастау арқылы, «Қарсы» дауыс беру кезінде «Келісемін» деген сөзді сызып тастау арқылы көрсетіледі.
3. Комиссия мүшесі «Келісемін», «Келіспеймін» деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралардың саны жарияланған бірліктердің санынан аспауы тиіс.
4. Көрсетілген ережелерді бұза отырып толтырылған бюллетень жарамсыз деп танылады.

